



**Жалға алынған мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға беру төлемін белгілеу туралы**

**Күшін жойған**

Алматы облысы Талдықорған қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 08 қарашадағы N 31-1026 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаменті Талдықорған қаласының Әділет басқармасында 2010 жылы 15 желтоқсанда N 2-1-133 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Талдықорған қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 26 маусымдағы N 12-638 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Талдықорған қаласы әкімдігінің 26.06.2013 N 12-638 қаулысымен.**

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасының "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 97-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 20 тамыздағы "2008-2010 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының тұрғын үй құрылысының мемлекеттік бағдарламасы туралы" N 383 Жарлығы негізінде қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Талдықорған қаласы, "Қаратал" шағын ауданы, N 44 үй мекен-жайында орналасқан мемлекеттік жалға берілетін тұрғын үйді пайдаланғаны үшін айына 1 (бір) шаршы метрге жалға беру төлемі осы қаулының қосымшасына сәйкес **б е л г і л е н с і н .**

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары **Е. А л п ы с о в қ а** жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Қала әкімі</i>	<i>С. Жылқайдаров</i>	
Талдықорған	қаласы	әкімдігінің
2010	жылғы	"Жалға
мемлекеттік	тұрғын	алынған
қорынан	тұрғын	үй
пайдаланғаны	үшін	үйді
төлемін	жалға	беру
N 31-1026 қаулысына қосымша	белгілеу	туралы"

**Талдықорған қаласы, "Қаратал" шағын ауданы, N 44 үй мекен жайында орналасқан мемлекеттік жалға берілетін тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға беру төлемін есептеу**

Мемлекеттік жалға берілетін тұрғын үйді пайдаланғаны үшін айына 1 (бір) шаршы метрге жалға беру төлемі (Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда Министрінің 2008 жылғы 30 қыркүйектегі N 395 бұйрығымен бекітілген жалға алынған мемлекеттік тұрғын үйлерде өндіріліп алынған жалға беру төлемін есептеу әдістемесіне сәйкес):

$$A = Ц/Т/12+P$$

формуласымен есептеледі, мұндағы:

A – мемлекеттік жалға берілетін тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға беру төлемі, айына 1 (бір) шаршы метрге, теңге;

Ц – тұрғын жай алаңының бір шаршы метрінің құрылыс (сатып алу) бағасы, т е ң г е ;

Т – ғимараттардың қызмет көрсету мерзімі, жылдар;

P – тұрғын үйді пайдалануға, ағымды және күрделі жөндеуіне, сондай-ақ жер учаскесін күтіп ұстауға қажет төлемдер сомасы

$$P = ГФФЗФ/12/ ?п$$

формуласымен есептеледі, айына 1 (бір) шаршы метрге, теңге, мұндағы:

ГФФЗ – тұрғын үй-пайдалану қызметі шығындарының жылдық сметасы, теңге / ж ы л ;

?п – тұрғын ғимараттардағы тұрғын жайлардың жалпы көлемінің сомасы, ш а р ш ы м е т р ;

$$Ц = 64825,25 \text{ теңге};$$

$$Т = 50 \text{ жыл};$$

$$ГФФЗ = 338551,62 \text{ теңге};$$

$$?п = 1244 \text{ м}^2;$$

$$P = 338551,62 \text{ теңге} : 12 \text{ ай} : 1244 \text{ м}^2 = 22,68.$$

$$A = 64825,25 \text{ т/м}^2 : 50 \text{ жыл} : 12 \text{ ай} + 22,68 \text{ теңге} = 130,72 \text{ теңге}$$

$$A \text{ (айына 1м}^2 \text{ жалға беру төлемі)} = 130,72 \text{ теңге/м}^2$$